

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРАЛЫҒЫ

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру жолдары

Шымкент-2022

373.2
М 41

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастыру жолдары

№29 «Ай-Керім» бөбекжай балабақшасы

Авторлар : Бегалиева А.
Даулетова Б.
Жунусбаева Г.

Шымкент-2022

Ашық ұйымдастырылған оқу қыметінің технологиялық картасы

Тобы: «Шұғыла» ересек топ

Тәрбиеші: Бегалиева Алия Балтабаевна

Білім-аумағы: Таным, Қатынас, Шығармашылық, Әлеуметтік орта, Денсаулық

Білім бөлімі: Қоршаған ортамен таныстыру, Экология негіздері, Тіл дамыту, Қарапайым математика ұғымдарын қалыптастыру, Сауат ашу, Сурет салу.

Тақырыбы: «Ауа құпиясын бірге ашайық».

Мақсаты:

1. Ауаның тіршіліктегі маңызы мен құндылығы, адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту. Ауа туралы ұғымды түсіндіру, оның пайдасы туралы білімдерін кеңейту. Ауаны таза ұстауға, оны дастамауға тәрбиелеу.
2. Тәжірибелер жасау арқылы балалардың танымын кеңейтіп, қызығушылықтарын ояту.
3. Санқу, қосу, азайту арқылы қарапайым математикаға деген қызығушылықтарын арттыру
4. Дәстүрден тыс, көбікке сурет салу, үрленген шірмен мердеу арқылы сурет салу арқылы эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Қаптаналар, желпуіш, түтікшелер, стаканшар, көбік, әуе шарлары.

Алдын-ала жұмыстар: Табиғатқа шығып, таза ауа жұтып серуендеу.

Шаттық шеңбері.

Сәлем, саған алтын күн!

Сәлем, саған көк аспан!

Сәлем, саған Жер-ана!

Сәлем, саған достарым!

Сәлеметсіз бе, қонақтар!

Здравствуй, солнце золотое!

Здрастуй, небо голубое!
Здрастуй, лехкий ветерок,
Здрастуйте маленький дружок.
Здрастуйте, дорогие гости.

Good morning the golden sun,
Good morning blue sky.
Good morning, my dear friend,
I am so happy to see you.

Осы кезде музыка әуенімен топқа өтсе ғаламшар иесі келеді.
-Сә-ле-мет-сің-дер ме, балалар!

Балалар: Сәлеметсің бе! Сен кімсің?

- Мен өзге ғаламшардан келген қонақтың, менің атым - Томпак.
Мен сендердерге қонаққа келіп табиғаттарың өте әдемі сұлу екенін
көрдім. Ал бізде бұндай сұлу табиғат жоқ. Сол себепті мен ауаға
алып хетуім керек.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасындар.

Ауа - барлық тіршілік иелері адамға да, жанурларға да,
өсімдіктерге де тыныс алу үшін яғни тіршілік үшін қажет. Ауа
кеңістігі бүкіл жер бетін алып жатыр. Ол біздің айналамызда,
жердің беткі қабатында, суда, барлық бос жерлерде, тіпті қатты
денелердің құрамында да кездеседі. Біз ауа кеңістігінің ең төменгі
қабатында өмір сүреміз. Ол атмосфера деп аталады. Ауа-азот,
оттегі, көмірқышқыл газы және инертті газдарының белгілі бір
бөлшектерінен тұрады.

Интерактивті тақтадан көрсету.

Тәрбиеші: Қанекей балалар Томпакқа ауа жайлы тақпақтар айтып
беріңдерші.

Балалар ауа туралы тақпақтар айтады.

Томпак: Ой бұл құры сөздер ғой, ауаның сіздерге қандай қарегі
бар, ол көзге де көрінбейді ғой.

Тәрбиеші: Ия, Томпақ ауа көзге көрінбейтін, қолға ілінбейтін табиғат сыйы, бірақ біз қазір балалармен бірге тәжірибе жасау арқылы ауаны байқуға тырысамыз. Қанекей балалар келіндер. Томпақтың көзін жеткізейік.

Тәрбиеші: Балалар

№ 1 тәжірибе. "Ауаны ұстап алайық"

- Үстел үстіндегі қалташаны аламыз. Оны үрлеу арқылы ауамен толтырамыз, аузын қысып ұстаймыз. Дорбаны таяқшамен тесіп, бетімізге жақындатып қысамыз.

Нәтиже-ауа көрінбейді, оны дорбамен ұстап, байқаймыз, сеземіз.

№2-тәжірибе. "Ауаны сезейік"

-Алдымызда тұрған желпуіш тұр. Соны қолға алып, жоймен қозғап желтіміз. Біз ауаны көрмейміз, бірақ оны сеземіз.

Нәтиже-ауа қозғалысы ол- жел. Желді сеземіз.

№3- тәжірибе. "Судың астындағы ауаны байқау"

- Бөріміз түтікшені алып, оның бір шетін ыдыстағы суға салып үрлейміз.

Нәтиже-ауа суда көпіршікке айналады, ауа судан жеңіл болған соң судың бетіне көтеріліп ұшып кетеді. Ауа судан жеңіл.

№4- тәжірибе. "Ысытқан кездегі ауаны байқау"

Балалар бұл тәжірибені тек үлкендермен бірлесе жасау керек, ешқашан өздерің жасаушы болмаңдар.

- Кішкене пластмасс бөтелкені алып аузына шарды байлағымыз, содан соң ыстық су құйылған ыдысқа осы бөтелкені саламыз. Осы кезде ауа кеңейіп шар үрленеді.

Нәтиже: Ауаны ысытқанда ол кеңейеді.

Томпақ: Ия, тәжірибе арқылы көп жабытарды білуге болады екен ау.

Сергіту сәті.

Жер шары үлкен әлем,

Қоршаулы ауаменен.

Ауасыз кім пылдар,

Ауасыз тұншығар.

Без воздуха жизни нет,
Без воздуха меркнет свет.
Дышат птицы и цветы,
Дышим мы, и я, и ты.

Without air no life,
Without air fading
Breathe birds and flowers,
We breathe it and you.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге бір сұрақ қойғым келіп тұр, қалай жауап бересіңдер ме?

- Үлкен сөзінің қарама-қарсы сөз қандай?

- Ал аласа сөзінің қарама-қарсы сөзі ше?

- Кең сөзінің қарама-қарсы сөзі ше?

- Жарайсындар балалар, қарама-қарсы сөздерді дұрыс таба білдіңдер, ал енді сендердің математикалық білімдеріңді байқап көрейік.

Интерактивті тақтамен жұмыс.

1. Қосу, азайту.

2. Қайсысы артық, қайсысы кем.

3. Бірдей балықтарды сана.

4. Оңға дейін тура және кері санау.

Сандарды оңға дейін үш тілде тура және кері санандаршы.

- Енді мынау ребустарды шешіңдерші.

1. «Ауа» сөзін жазу

2. «Ауа» сөзіне дыбыстық талдау жасау.

3. «Ауа» сөзін буынға бөлу.

Балаларға "А" және "У" әріптері бар карточкаларды тарату

- Жарайсындар, балалар! Ал енді шығармашылық алаңына барып қызықты суреттер салайық. «А» әріпі берілген балалар "А" әріпі қойылған үстелге барады. Ал "У" әріпі берілген балалар болса "У" әріпі қойылған үстелге өтеді.

"А" әріпі қойылған үстелдегі балалар дәстүрден тыс көбікке сурет салады. Қауіпсіздік ережелерін айтып өту.

Тәрбиеші: Балалар, енді сезім мүшесімізді тексеріп көрейік.
№ 5 тәжірибе «Қиярлар»

Ыдыста екі қияр салынған. Бірі жаңа піскен қияр, екіншісі тұздалған қияр. Дәмін татып айырмашылығын айту.

Нәтиже:

Таза піскен қияр – тұщы.

Тұздалған қияр – ащы.

№ 5 тәжірибе

«Шарға жабысқан бұрыш»

Қағаз бетіне қара бұрыш пен тұзды араластырып шашамыз. Шарды үріп, басымызға укалап қағаз бетіне тақасақ, барлық бұрыш шарға жабысады. Ал тұз қағазда қалады.

Нәтиже: Тұз бұрыштан ауыр сондықтан шарға жабысқан жоқ.

Қорытынды

Тәрбиеші: - Балалар, НЕО кухня зертханасының тәжірибелері ұнады ма?

Қандай тәжірибелер жасадық?

Балалар жасаған тәжірибелерін айтады. Қонақтармен қоштасады. Белсенді болған балаларды мадақтау.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тобы: «Шұғыла» ересек топ

Тәрбиеші: Бегалиева Алия Балтабаевна.

Білім бөлімі: «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық».

Білім аумағы: Тіл дамыту», «Құрастыру», «Қоршаған ортамен таныстыру».

Тақырыбы: «Теңізге саяхат»

Мақсаты: Балаларға теңіз туралы мағлұмат беру, ойын арқылы теңіз туралы түсініктерін бекіту, таным қызығушылықтарын арттыру.

қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту,
қоғамат құбылыстары туралы түсініктерін дамыту.
Корнекіліктер: Слайд, Сипырлы қалам, кеме, балықтар, дельфин,
Шағала.

Алдын – ала жұмыстар: Су әлеміндегі тіршілікті әңгімелеу.

Тылек шеңбері

Күннің көзі ашылып

Көкке шуақ шапшылсын

Құтты қонақ келіпті

Төрімізге еніпті

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Ал қансөй бәріміз

Сәлем дейік үлкенге

Сәлеметсіздер ме ұлағатты ұстаздар!!!

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі күніміз ерекше болмақ ол үшін
барлығымыз, экранға назар аударайық. (Мнемонаблица)

Балалар біздер тәжірибе жасап көрелік, суда кеме неге батпайды?

Еңдеше балалар, дәл осы кемемен саяхатқа аттануға қалай
қарайсындар. Саяхатқа аттанбас бұрын техникалық қауіпсіздік
сақтап, белдемшелерімізді киеміз.

Б: Достар бірге жүреміз,

Бірге ойнап күлеміз.

Міне біздер қандаймыз,

Өзен, көлге теңізге

Саяхатқа шығамыз,

Әрқашанда біргеміз,

Бөлінбейді іргеміз.

Тәрбиеші: Бәрекелді балалар,!

Жоғарыда ұшқан не?

Тәрбиеші: Бұл жәй шағала емес бейне таспасы бар шағала екен,
қане бәріміз бейне таспаға назар аударайық мұнда не көріп
тұрсындар?

Музыка әуенімен, ғажайып сәт.

Қаракшы: Мені құтқарыңдар, мыған көмектесіңдер.
Балалар қаракшыны арқанмен судан тартып алады.

Қар: Менің кемем суға батып кетті. Сендерге рахмет балалар, мен
слайдтан көрсетіп беремін (теңізде жүзеді).

Қар: Табиғат көрінісіндегі ең әсерлі құбылыстардың бірі ғой, бұл
не екенін білесіңдер ме?

Тәрбиеші: балалар кемпіркосақ үш тілде қалай аталады.

Тәрбиеші: Кемпіркосақта неше түс бар?

Тәрбиеші: Кәне балалар сикырлы қалам көмегімен кемпір
қосақтың түстерін атап шығайықшы!

Слайдтан көрсетіп 7 түсті түгендеу.

Қ: балалар сендерге қандай түстер ұнайды?

Қар: Не себепті ол 2 ғана түс?

Қар: Дыбыстар екі бөлінеді ме?

Дыбыстар қалай бөлінеді?

Дауысты дыбыстар қандай түспен белгіленеді?

Ал, дауыссыз дыбыстар қандай түспен белгіленеді?

Қар: Сендер өте ақылды екенсіңдер.

Мен дыбыстардың қандай түске бөлінетінін білмейді екенмін, енді
білетін болдым.

Ал сендер теңіз тіршілігі туралы не білесіңдер?

Қар: (жатқан дельфинді тұрғызу). Мынау қандай балық?

Тәрбиеші: Балалар дельфин бізге тапсырма әкелітті.

Қар: сендер дельфиннің тапсырмасын орындай алмайсыңдар.

Қар: Мен дельфиннің логикалық тапсырмасын таба алмағаным.

Тәрбиеші: Кәнекей балалар, тапсырманы тыңдап көрейік, өзімізді
сынайықшы.

Логикалық сұрақ

1. Сегіз аяқтың неше аяғы бар?

2. Ағаш басында екі шортан балық бар еді. Аминаның жем
шапқанын көріп, бір шортан балық жерге қонды. Ағаш
басында неше шортан балық қалды.

3. Үлкен, орташа және кіші мақтаншық пінгвиндер болыпты, олар бір – бірімен жарысқанды жақсы көреді екен. Бір күн ең биік атаңна кім бірінен болып ұшудан жарысыпты, қалай ойлайсыңдар, қайсы пінгвин жеңеді?
Қар: Ой сендер мықты екенсіңдер, бірақ сендер балықтың тапсырмасын орындай алмайсыңдар.

Тәрбиеші: Ол тапсырмасын да орындаймыз.

5 – сұрақ. Үлкен – кіші

Көп – аз

Балықтың атаулары

Санау, кері санау

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, бір серігің, бойымыңды жатып алайық, «Теңіз толқыны» ойынына қалай қарайсыңдар.

Теңіз толқыды бір

Теңіз толқыды екі

Теңіз толқыды үш

Қимылдаған балаға, тапсырманы бере түс. (Қатып қалу) Күлген немесе қимылдаған бала теңіз тураты өлең шумақтарын.

1 – бала

Біз келеміз кемеде

Су бетінде тербеліп

Соқса егер салқын жел

Дем аламыз тыныстап

2-бала

Суда балық жүзеді

Қанатымен еседі

Үйірімен топтасып

Көлден көлге көшеді

3-бала

Теңізге мынау қарапшы

Жетпейді көздің шарасы

Кетпейді боп тұр астаып

Аспан жердің арасы.

Қар: сендермен саяхаттау өте қызықты екен, жағаға келіп қалғанымды да білмей қалдым.

Жағаға келдік.

Тәрбиеші: Қар – шы біздің балалар тапсырмаларды орындап қоймай, шығармашылық алаңда өздерін нағыз шебер ретінде көрсете алады.

Қар: Ендіше байқап көрейік.

Шығармашылық алаң.

2 топқа бөлінеді.

Тәрбиеші: бүгінгі саяхаттан алған әсерің, жасаған жұмыстарыңнан байқап көрейің.

1 – топ. Қалдық заттардан (желіммен, мата, су ішетін түтікше) кеме жасау.

2 – топ дәл солай қалдық заттардан (рулет қорапшасы, су ішетін түтікше, мақта.) кемпірқосақ бейнесін жасау.

Қар: Балалардың жұмысына риза болып.

-Балалар сендердің ақылдарыңа және өнерлеріңе риза болдым, маған тағы көмектерің керек болып тұр.

Тәрбиеші: Әрине, біз келісеміз ғой балалар.

Қар: Менің қазыналы сандығым бар, - деп шығарады, - бірақ мен бұл сандығымды басқалар ашып қоймасын деп, лабиринт ойны арқылы құпия кілтті жасырып қойып едім, енді оны аша алмаймын, себебі жолын ұмытып қалдым, осы құпия жолды табуға көмектесіңдерші.

Балаларды мадақтау.

Ойын: «Лабиринт»

Тәрбиеші: Балалар қазыналы сандықты ашу үшін кілтпен ашамыз. Ал бұл қарақшының кілтті. Біз сұрақтарға дұрыс жауап берсек кілт дұрыс бағытта жүреді.

Көктем мезгілінде қандай өзгерістерлі білеміз?

Саяхатқа қайда шықтық?

Кімге көмектестік?

Бейне таспаны қандай құстың көмегімен көрдік?

Дельфиннің қандай тапсырмасын орындадық?

жасайды.

- Күн: Балалар сендермен жүрген саяхатым маған қатты ұнады. Енді мен сендермен қоштасатын уақыт келді.

Сау болыңдар!

Қоштасу.

Қол ұстасып тұрайық.

Шеңберді біз құрайық.

Көріскенше күн жақсы.

Сау саламат болайық!

ҰО - қызметін қортындылау.

- Балалар бүгін біз не үйрендік?

- Біз нелерді кездестірдік?

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Балалар күн туралы білді.

Қалыптасқан түсініктер: Балалар күннің сары болып шуағын шашатынын түсінеді, шуақтары жылы болатыны туралы түсінеді.

Орындаушылық қабілет: Шаттық шеңберін құрып сұрақтарға жауап беріп, берілген тапсырмаларды бірлесе орындайды.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Тобы: «Шұғыла» ересек топ

Тәрбиеші: Бегалиева Алия Балтабаевна.

Білім бөлімі: «Таным», «Коммуникация», «Шығармашылық»

Білім аумағы: Сөйлеуді дамыту, Сурет салу, Құрастыру, Жалпыру, Қоршаған ортамен таныстыру.

Тақырыбы: «Үй жануарлары»

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Олардың түрлерін бір- біріннен ажырата білуге, зейін қойып тыңдауға үйрету. Олардың бізге тигізер пайдасын айту оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу. жануарларына байланысты өлең шумақ мақал - мәтелдерді

шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Міндеті: Тапсырманы ынтамен дұрыс орындауға өздігінен білім алуға, ісденуге бейімдеу. Балаларды ұжымшылдық пен өз мақсатына жете білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Слайд, үй жануарлары қой, сиыр, түйе, ешкі, жылқы, суреттері. Қоңыр түсті бояу, қыпқалам, желім, сұрткіш.

Тілек шеңбері:

Көгімізде алтын күн,

Себілгендей жерге гүл.

Балабақша бағында

Жарқырасын жарқын күн.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі күніміз ерекше болмақ, ол үшін барлығымыз, экранға назар аударайық.

Үйде кім тұрады?

Мал қорада не тұрады?

Үй қандай бөліктерден тұрады?

Үй бөліктері қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?

Балалар дұрыс айтасындар енді алдымыздағы тұрған үйдің неше терезесі бар екенін санайық.

Балалар мен сендерге әр терезеде жұмбақтар бар екен мен сендерге соны оқып берейін.

1. Терезе

Қамыс құлақ,

тостаған тұяқ,

мінсен қанат,

сүті дәрі, еті тамақ.

(жылқы)

2. Терезе

Үстінде екі тауы бар,

ызық бір жануар.

(Түйе)

3. Терезе

Шкене ғана бойы бар,

налдыра киген тоны бар

(қой)

4. Терезе

Екі айнасы бар,

Екі найзасы бар.

(сипыр)

5. Терезе

Секең-секең етеді,

Таумен тасқа жетеді. (Елжі)

Жұмбақ шешілген терезе ашылып ішіннен үй жануарлары көрінеді.

Д/О: «Аудармашы»

Үй жануарларының орысша, қазақша, ағылшынша атауы.

Дана: Ақ бұзауым ұнайды

«Мө - мө» деп сүт сұрайды

Келеді өсіп күн сайын

Тұмсығын созып қарайды

Тіпмен мұрнын жалайды.

Жанайым: Шөре - шөре лағым

Тентек болма шырағым

Секектеме демінді ал

Селтендемей құлағың

Нұрайлым: Предоставить невозможно

Поверить нелегко

Жуёт корова сено

А дарит молоко

Нұрайлым: Ты куда спешешь лошадка

У меня с утра зарядка

Тороплюсь я в чисто поле

Чтобы там по бегать вволю

1. Амниа

The cow says

Moo moo

I have some milk for you and you

2. Асылжан

I love my cat.

It is warm and fat.

My cat is grey.

It likes to play.

Балалар сендер маған үй жануарларының аталары туралы тақпақты айтып беріңдерші.

Жарайсыңдар балалар кәне кім үй жануарлары туралы мақал-мәтел айтып береді.

Жарайсыңдар балалар кәне кім үй жануарлары қалай дыбыстайды екен кім айтады?

Дидактикалық ойын: «Мекеніне алар» ойыны

Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Барысы: әр түрлі үй жануарлары мен дала жануарлары орманға немесе үй қасына қояды.

Д/О «Үлкен – кіші»

Д/О «Көп – аз»

Д/О «Санау, кері санау»

Сергіту сәті:

Құстың үйі, ол ұя,

Тінің үйі – ағашта

Ит үреді үйшікте,

Түлкі отыр інінде.

У птицы дом – гнездо,

У белки дом – дупло

Сабака лает в конуре,

Лисичка спряталась в хоре

Bizds house is the nest


Squirrel s house is the hollow

The dog barks in the house

he fox has hitten in a hole

Балалар мен сендерге жануарлардың суретін таратып берейін,

оларында қандай жануар бар?



Қолымыздағы жануар қай үстел үстіндегі
үстелге барып бармыз.

1 топ: Алдарымызда құлын суретін безен-
дірген құйрығын және жалынына желтір-
ген.

2 топ: Ермексәзден жасалған қойды қылқ-
пашамен бояп шығамыз.

3 топ: Үй жануарлар мен жабайы жануарлар
мекеніне орналастырамыз.

Жарайсыңдар балалар сендер өте ақылды.

Қорытынды:

Балаларға салған суреттерінің қандай үй-
жай айтқызып, үй жануарлары немен қоректен-
етінін мадақтау арқылы ашық сабақты аяқтау.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Әрбір бала үй жануарларын
пайдасын, қажеттілігін біледі.

Оларды бір – бірінен ажырата алады.

Бастапқы орнымызға келгенше «Шырша» әнін шырқап келейікші.
Сонымен біз бүгінгі оқу іс-әрекетімізді «Не үйрендік не білдік?»
ойыны арқылы қорытындылау.

Сендерге бүгінгі іс-әрекет ұнады ма?

-Қыс ханшайымы балалар тапсырмаларды керемет орындадыңдар.
Жарайсыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: Мейірімді болуға көмектесе білуге дағдыланы.

Қалыптасқан түсініктер: Ойлау, қабілеттері дамиды, қайырымды
болуды, қиын сәтте досына көмек беруді түсінеді.

Орындаушылық қабілеті: Ойындарды түсініп ойнады.

Қонақтарға ертегіні сахналап береді. Өз бетінше жұмыс жасай
алды.

**Ашық ұйымдастырылған оқу қыметінің технологиялық
картасы**

Тобы: «Шұғыла» ересек топ

Тәрбиеші: Бегалиева Алия Балтабаевна.

Білім аумағы: Таным. Қоршаған орта. Шығармашылық.
Қатынас.

Білім балімі: КМУҚ. Тіл дамыту. Сурет. Жапсыру.

Тақырыбы: «Қыс айшықтары»

Мақсаты: Балалардың қыс мәтiлi жайлы түсiнiк беру.
Балалардың сөздік қорын молайту. Балаларды дәстүрден тыс
әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне қызығушылығын
арттыру.

Міндеті: Тәжірибе арқылы қардың, мұздың өнеріске түсетін
қасиеттерімен таныстыру. Қардың ақ, жұмсақ, суық, үлгілдек,
дымқыл болатын қасиеттері жайлы білімін қалыптастыру.
Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: қыс мезгілдері бейнеленген слайдтар, үлкен кеспе әріптер, су, мұз, термос, түрлі-түсті бөлулар.

Алдын-ала жұмыстар: Қыс туралы өлеңдер, мақал-мәтелдер жаттау

Блигвалдық компоненттер: қар-снег, мұз-лед, аяз-мороз

Балалар, қараңдаршы бізге қонаққа көптеген қонақтар келген екен хәне амандасайықшы.

Білер қазақ баласы
Сәлем сөздің анасы
Алдыңыздың кезіккен
Көп тиысты көреміз
Бәріне де ізетпен
Біздер сәлем береміз
Қайырлы таң көк аспан!
Қайырлы таң қонақтар!
Қайырлы таң достарым

Слайд арқылы көрсету. Видео ролик көрсету.

«Жыл мезгілдері жайлы» ертегі

Балаларға Жыл ақсақал мен қыздары бейнеленген слайдты.

Ерте, ерте, ертеде Жыл ақсақалдың төрт қызы болыпты



Үлкен қызы Күз ханшайымы сылбыр, ерке болып өскендіктен көңілшек көзінің жасы бырт-бырт етіп шыға келеді екен. Бір жақсысы қолы ашық жомарт болыпты.

Екінші қызы Қыс ханшайымы, мінезі қатты болып өсіпті.

Одан кішісі - Көктемгүл көңілді, ашық, жарқын, сұлулығымен елдің аузында жүріпті.

Кенже қызы Жазгүлдің даясы жайлары, салмақты мінезімен шығыпты. Жыл-ақсақал қыздарын өте жақсы көріпті. Қыздары да оны құрметтеп сыйлапты. Жыл-ақсақал қыздары өскен кезде тақырыпты.

- Қыздарым, ақылдарың толысты, енді мен сендерге төрт мезгілді бөліп беремін.

Келесектеріне үлкен сенім артып отырмын. Дайынсыңдар ма? - деп сұрапты.

Қыздары: «дайынбыз» - деп жауап беріпті. Содан бері Жыл-ақсақалдың төрт баласы халыққа қалтқысыз еңбек етіп келеді.

- Ал, сендер оларды танысыңдар ма?

Онда мына дыбыстарға құлақ салыңдаршы.

Дойын: «Бұл қай мезгіл?»

Жыл-мезгілдеріне қатысты табиғат дыбыстарын тыңдатады.

Балалар дыбыстарды тыңдап өз ойларын айтады.



- Дұрыс айтасындар, балалар!

- Олай болса қазір өлкенімізге Жыл-атаның қай Қызы келді?

алады?
-Қыстың мінезі қандай?
Балалар қыс сөзін кеспе әріптерден құрап дыбыстық таныту жасап көрсейікші

К **Ы** **С**

-Балалар ғажайып экраннан қысқы табиғатты тамашалайық.
Слайдты көрсете бастағанда боранның дауысы мен оқырманды дыбысы естіледі.
-Балалар мына жер суып кетті ғой. Не болып кетті? Қыс келе жатыр?

Борандатып Қыс ханшайымы кіреді:
-Сәлеметсіңдер ме, менің құлағымды шулатып жатқан сендер екенсіңдер ғой.
-Сәлеметсің бе, Қыс! Біздің балабақшаға қош келіңсің.

Қыс ханшайымы: Мен сендерге жай келген жоқпын. Мен сендердің қыс мезгілі туралы білімдеріңді тексерейін деп келдім. Сендер мен туралы тақпақтар білесіңдер ме?

Бала: Әрине біз тақпақтарды үш тілде айта білеміз.
Балалар үш тілде қыс мезгілі туралы өлең шумақтарын айтып береді.

-Жарайсыңдар, балалар!

Қыс ханшайымы: Менің басты белгім не, білесіңдер ме? - деп суретін көрінісін қосады.

Қыс: Ия, қар менің байлығым. Мен қармен барлық жерді ұстап аламын. Менің бұйрығымсыз ешкім қар құрсауынан құтыла алмайды. Айнала осылай аппақ болып жата берсін.

Әрбиеші: Ал біз қардың өзгеріске түсетін қасиеттеріне білеміз.

Қыс ханшайымы: Мүмкін емес. Менің қарым ешқандай өзгеріске ие болмайды.

Қар қасиеттеріне тәжірибе жасау. (қар, су, мұз, бу)

Қар қандай болады екен? Біз сендермен оны ұстап қасиеттерін танытайық.

-Қар неге ұқсайды?

Тәрбиеші екінші ыдысты алып,

-Қар жылы жерде тұрса, неге айналады?

-Дұрыс айтасындар, суға айналады.

Суды суық жерге қойсақ неге айналады?

Үшінші ыдысты алып мұзды көрсету.

-Мұзды ұзақ уақыт ұстап тұрсақ, ол қандай күйге ұшырайды?

-Мұздың астына от қойсақ қандай күйге түседі?

Төртінші ыдыстағы буды көрсетеді.

-Бу аспынға көтеріліп бұлт болады. Бұлт қандай күйге ұшырайды?

-Дұрыс айтасындар. Бұлттан қайтадан жаңбыр, қар, бұршақ болып жерге түседі.

Балалар сендер қандай қауіпсіздік ережелерін білесіңдер? Не себептен мұздан сақ болу керек?

Қыс ханшайымы: Жарайсындар балалар сендер өте білімді тапқыр екенсіңдер. Балалар маған сендердің көмектерің қажет.

Мен даланы ақ көрпеге орауға үлгермей жатырмын.

Менің шеберханама барып біраз көмек берсеңдер қайтсін?

Тәрбиеші: Әрине қыс біз сіңан көмектесеміз. Солай емес пе балалар?

Олай болса, балалар Қыстың шеберханасына бойымызды сергітіп бірсақ қайтсін.

Сергіту сәті

Шынығамыз бәріміз,

Иіліп, бүгіліп, денеміз.

Хоккейді де ойнаймыз,

Шаңғыны да тебеміз.

Әрлі - берлі жол салып,

Қар лақтырып, ойнаймыз.

Қорықпаймыз аяқтан

Суретші болмай қоймаймыз.

Тәрбиеші: Ой қандай керемет! Біз қайда келдік, балалар?

-Міне мынау Қыстың шеберханасы. Шеберханада қыс көріністеріне көз салып, ақ бояумен даланы қарға орайды.

Содан соң үстел басына алып келеді.

-Қыстың шеберханасындғы қыпшақтар мен көмекшілері дұрыс сурет салып жүр екен. Бірақ оларға бір нәрсе жетіспейді екен. Не жетіспейтінін қалай білсек екен? Мүмкін Қыс ханшайымы сен айтарсың?

Қыс: Менің жұмбағымды шешсеңдер оларға не жетіспейтінін білесіңдер.

Жұмбақ жасыру

Қолы менен қаламы жоқ

Бірақ сурет саламы көп. Ол не?

- Дұрыс айтасындар! Аяз терезеге не салады?

-Олай болса балалар бүгін біз осы қырауды дәстүрден тыс әйгітуді қолдана отырып бейнелейміз.

1 топ: Ақ қағазымызға изолентадан бейнелер жапсырып, үстін көк түсті бояумен өң береміз. Бояу келген соң изолентаны абаймен қағаздан ажыратамыз.

2топ: Ақ паракка балауыз бормен аққала мен қырауларды салып алып үстін тұз қосылған көк бояумен өң береміз. Келген кезде суреттің беті аяз секілді екенін көреміз.



Тәрбиеші: Қыс ханшайымы саған біздің балалардың салған суреттері ұнады ма?

Қыс ханшайымы: Ия, ұнады. Өздерін нағыз суретші екенсіңдер. Кәне сендердің жасаған жұмыстарыңды «Қыс айшықтары» атты көрмеге қояйын.

Тәрбиеші: Олай болса біз ханшайымымен қоштасып алабақшамызға қайтайық.

Мазмұны

Ауа құшысын бірге ашайық	2
Бұл ғажайып тұз	7
Теңізге саяхат	9
Күнмен бірге саяхат	14
Үй жануарлары	17
Орманға саяхат	22
Ғажайып білім әлемі	28
Қызықты ойындар әлеміне саяхат	36
Менің сүйікті көжегім	44
Қыс хатшайымының аязды өрнектері	49
Қыс айшықтары	55
Әдептілік – әдемілік белгісі	61
Көңілді ойын ойнайық	66
Қуыршақтар әлемі	69
Жайлауға саяхат	79
Жол тәртібін біле жүрейік	80
ЭКСПО-2017 «Болашақтың энергиясы балабақшада»	86
Пайдалы дәрумендер	92
Қысқы орманға саяхат	96
Сиқырлы пішіндер	101
Әлі мен Айяның саяхаты	106
Күн көжектің саяхаты	110
В гостях у Ёжика	112
Сұлулықтың барлығы айналамызда	120
Спешите делать добро	128
Бәріміз бірге ойнаймыз	129
Кобелектер	133